

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНДА 300 ОРЫНДЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ПЕН КҮНІНЕ 800 АДАМ ҚАБЫЛДАЙТЫН ЕМХАНА САЛУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 29 желтоқсан 1993 ж. N 1309

Аймақта әлеуметтік жағдайды жақсарту мен қазіргі заманғы диагностикалық және емдеу жабдықтарының негізінде халықтың дәрігерлік қызмет көрсетуге қажеттігін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Жезқазғантүстімет" акционерлік қоғамының Жезқазған қаласында 300 орындық медициналық орталық пен күніне 800 адам қабылдайтын емхана салу жөніндегі бастамасы мақұлданын.

2. Денсаулық сақтау министрлігі мен Өнеркәсіп министрлігінің осы объект құрылысының бас мердігері ретінде халықаралық тендерді жеңіп алған "Самсунг" корпорациясын (Корея Республикасы) белгілеу жөніндегі ұсынысы қабылданын, бұл ретте "Самсунг" корпорациясының құрылысқа қажетті кредит бөлетіндігі ескерілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігіне валюталық кредитті ресімдеу жөніндегі құжаттарды сараптан өткізу жүктелсін. Кредитті алудың шарттары мен өтеу мерзімі туралы қорытынды 50 миллион АҚШ долларына дейінгі сомаға үкімет кепілдігін ресімдеу үшін бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етілсін.

"Жезқазғантүстімет" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне шетелдік кредитті өтеу жөнінде тиісті кепілдіктерді тапсыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі "Жезқазғантүстімет" акционерлік қоғамына құрылысты қаржыландыру және осы объект бойынша алынған кредитті қосымшаға сәйкес өтеп отыруды қамтамасыз ететін баспабас операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті катодты мысқа 1994 жылдан бастап жыл сайын экспорттық квоталарды Қазақстан Республикасының Сыртбайланысмині жанындағы "Отырар" мемлекеттік сыртқы сауда компаниясы арқылы мақсатты түрде бөліп отыратын болсын

(5-тармақ)

<*>

Ескерту. 5-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1994.08.15. N 904

қаулысымен.

6.

<*>

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1998.10.30. N 1114
қаулысымен.

P981114_

7. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары,
Жезқазған облысының әкімі "Жезқазғانتүстімет" акционерлік қоғамына
осы жобаны жүзеге асыруға байланысты мәселелерді шешуде көмек
көрсететін болсын.

8. Қаржы министрлігі кредитті қаржының мақсатты жұмсалуына
бақылау жасауды қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1309 қаулысына
Қосымша

"Жезқазғانتүстімет" акционерлік қоғамына баспабас
негізде өткеру үшін бөлінетін катодты мысқа
экспорттық квоталардың мөлшері

Өнім түрі	!	!	Мөлшері		
	!	Өлшем бірлігі	!-----		
	!	!	1994	1995	1996
	!	!	жылға	жылға	жылға
Катодты мыс		тонна	20000	25000	15000

Ескерту. Экспорттық квоталардың мөлшері катодты мысқа ЛМБ-да
(Лондон Металдар Биржасында) бағалардың құбылуына
байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК